



ШЕШІМ

30.06.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

51/7-VII

№

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2020 жылғы 30 маусымдағы № 509/68-VI
«Жергілікті атқарушы органның
жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік
жобаларын іске асыру барысы туралы есебі»
шешімінің орындалу барысы
туралы**

«Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 509/68-VI «Жергілікті атқарушы органның жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жобаларын іске асыру барысы туралы есебі» шешімінің орындалу барысы туралы» мәселені тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы жергілікті атқарушы орган тарапынан мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жергілікті жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылданып жатқанын атап өтті.

2017 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 18 мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы (бұдан әрі – МЖӘ) бойынша шарттар жасасты, оның ішінде 14 жоба бойынша жалпы сомасы 99,2 млрд.теңгеге мемлекеттік міндеттемелер қабылданды (оның ішінде 2021 жылға дейін 13,4 млрд. теңге төленді).

Білім беру саласында өткен кезеңде 6 балабақша салу және пайдалану бойынша 3 МЖӘ шарты, Гуманитарлық колледжді сенімгерлік басқаруға беру бойынша 1 МЖӘ шарты және 4 жалпы білім беру мектебін салу және пайдалану бойынша 4 МЖӘ шарты жасалды.

Өткен кезеңде денсаулық сақтау саласында мемлекеттік міндеттемелерді қабылдамай, 2 МЖӘ шарты жасалды, олар табысты енгізіліп, дамуда.

«Нұр-Сұлтан қаласы, Қошқарбаев көшесі, 66 мекенжайы бойынша эфферентті терапия және гемокоррекция орталығын ашу» жобасын іске асыру барысында жекешелік әріптестіктің инвестициялары есебінен жабдықтар неғұрлым заманауи, медициналық жабдықтарға жаңартылады, медициналық персоналды оқыту, үй-жайды жөндеу жүргізіледі, осылайша елорданың жергілікті бюджетке түсетін салмақ азаяды.

2018 жылдан бастап халықаралық деңгейдегі мамандандырылған Паралимпиадалық жаттығу орталығы табысты жұмыс істеуде. Ғимарат

мүмкіндігі шектеулі жандарға толықтай бейімделген. Орталықта спорттың 17 түрі бойынша жаттығулар тегін өткізіледі. Айына келушілердің орташа саны 3400 адамнан асады.

Көліктік қызмет көрсетудің сервистік келісімшарты әкімдікке бұрынғы шығындардың 45% - ын үнемдеуге мүмкіндік берді.

«Сергек» жобасы бойынша да нақты нәтижелер бар, бұл қылмыстың 30%-ға (тонау 56%-ға, ұрлық 54%-ға) ЖКО-ның 17,2%-ға және онда зардап шеккендердің 24,9%-ға, қаза болғандардың - 13,9%-ға төмендеуін көрсетті. 2017-2020 жылдары жобаны енгізуден төленген айыппұлдар есебінен бюджетті толықтыру 17,3 млрд. теңгені құрады.

2020 жылы кейіннен құрамында сынабы бар қауіпті қалдықтарды залалсыздандыруға тұтыну кепілдіктері беріле отырып, өндірістік қуаттар салу бойынша МЖӘ шарты жасалды. Осы шарт аясында контейнерлерден тұрғындардан туындаған құрамында сынабы бар 904 мың шам жиналып, 66,5 мың шам бюджеттік ұйымдарға берілді. Нәтижесінде 15 ай ішінде 5,8 млн. текше метр көлемінде атмосфералық ауаның сынаптың улы бұпарымен улануына жол берілмеді, қауіпті қалдықтардан шамамен 3 кг тауарлық сынап алынды. Бұл жағдай елорда халқының денсаулығына оң әсер етеді және осы жобаны іске асырудың экологиялық және әлеуметтік маңыздылығын растайды.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органның МЖӘ жобаларын іске асыру бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы одан әрі зерделеуді қажет ететін және жылдам әрі тиімді шешімді талап ететін бірқатар проблемаларды атап өтті.

Мәселен, 6 балабақшаның құрылысы бойынша МЖӘ жобасы толығымен іске асырылмаған, қазіргі уақытта 360 орындық бір ғана балабақша салынған. 5 балабақшаның құрылысы осы уақытқа дейін басталмаған. «Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ (бұдан әрі – Білім басқармасы) шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты «Успех Голд» ЖШС-мен шартты бұзды, сондай-ақ «Терма Клима» ЖШС жекешелік әріптестікпен 4 балабақша құрылысы бойынша шартты бұзу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мәслихат депутаттары МЖӘ жобасы аясында 360 орындық балабақша салу мәселесін қарастырды. Балабақша құрылысын жекешелік әріптестік – «Бүлдіршін» ЖШС өз қаражаты есебінен, жылдық 15% қарыз (несие) банк қаражатын тарту арқылы жүзеге асырды, осы уақытқа дейін мемлекеттік әріптестестік тарапынан ол өтелмеген. Сондай-ақ, осы жобаны іске асыру барысында ұзақ уақыт бойы нысанды жылу мен электр энергиясына қосу, жер учаскесін алу бойынша проблемалар орын алған.

Бұдан басқа, «Астана қаласы білім басқармасының Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі – Колледж) сенімгерлік басқаруға беру» жобасы бойынша колледждің педагогикалық ұжымы мен «Астана халықаралық университеті» ЖШС (бұдан әрі – Университет) жекешелік әріптестік арасында реттеуді талап ететін еңбек жанжалы туындады. Белгілі болғандай, Университеттің өз қаражаты болмағандықтан, қосымша ақылар мен үстемеақылар төлеуге, сондай-ақ колледж педагогтерінің жалақысын 25%-ға арттыруға мүмкіндігі жоқ. Бұл

ретте Білім басқармасы жан басына қаржыландыру бойынша Университет алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындамауда.

Стратегиялық пайымның жоқтығынан бір-біріне барынша жақын орналасқан. Отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларды ашу бойынша мәселелер бар, мәселен, Нәжімеденов көшесі, 16-шы ғимаратта орналасқан амбулаториялық-емханалық көмек корсететін Отбасылық денсаулық орталығының жанында тағы екі «Доктор у дома» нысаны орналасқан, алайда мұндай амбулаториялар қажет болып отырған қаланың тұрғын үй алаптарында жоқ.

МЖӘ аясында Жағалау ауданында (У-20, Е-33, Е-17 көшелерінің қиылысы) орналасқан 4 мектептің біріңде жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз, нөсерлік кәріз жүргізу желілері және кабельдер жоқ. Тек уақытша электр желісі бар. Байтұрсынов көшесі ауданында орналасқан мектепте инженерлік желілерге қосылуда да осындай проблемалар бар. Инженерлік желілермен проблемалардың болуы тұтастай алғанда нысандар (мектептер) құрылысының, оларды белгіленген мерзімде пайдалануға берудің кестелеріне теріс әсер етеді. Бұдан басқа, қазіргі уақытта мемлекеттік әріптес – «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ тарапынан екі нысан бойынша одан әрі жұмыстарды жалғастыруға қоса қаржыландыру жоқ. Жоғарыда көрсетілген жағдай елордада пилоттық жобаны сәтті жүргізген жекешелік әріптестіктің қазақстандық банктер беретін банк кредиттерін алуына теріс әсерін тигізеді. Атаулы жағдай, сонымен қатар құрылыс материалдарының қымбаттауы кестеден артта қалуға әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ, жол төсемінің салынуына, құрылысына байланысты проблемалар да бар. Мектептердің бірі орналасқан Бұқар Жырау көшесінің бойында жалпы ұзындығы 985 метр жол төселімінен 280 метр болатын бір ғана учаскеде жұмыстар жүргізілуде.

2020 жылғы қазанда шарт жасалған және мемлекеттік міндеттемелер қабылданған «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» МЖӘ жобасы үлкен наразылықты тудырады. Мемлекеттік қолдау шаралары жобаны қоса қаржыландыруды (жаңғырту құнының 30% - ы), инвестициялық шығындар мен операциялық шығындарды өтеуді қамтиды. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін жекешелік әріптестіктің жоғарыда көрсетілген жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына сараптама жүргізілмеген.

«Қауіпті қалдықтарды, оның ішінде құрамында сынабы бар және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату/қайта өңдеу бойынша қызметтер көрсетуді ұйымдастыру үшін қуаттар салу» жобасы бойынша шешуді талап ететін проблемалар анықталды, оның ішінде мемлекеттік әріптестің теңгерімінде тұрған контейнер паркін қалпына келтіру және ұлғайту, құрамында сынабы бар шамдарды қайта өңдеуге қосымша қаражат бөлу және т. б.

Сондай-ақ, мәслихат депутаттары бұрын сәтті жүзеге асырылған «Сергек» жобасы түнгі уақытта бейнекамералардың тиісті жұмыс істемеуіне байланысты өзінің тиімділік көрсеткіштерін төмендеткенін атап өтті. Бүгінгі

күні қалада рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері (шамамен 250 дана) проблемасы бар, оларды жоюға елорда әкімінің аудандық аппараттары жергілікті бюджеттен ақшалай қаражат жұмсауға мәжбүр және бұл жағдай бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына әкеп соғады. Сонымен қатар, аталған жерлерде (рұқсат етілмеген қоқыс орындарында) бейнекамералар орнатылмаған. Бұрын мәслихат осы проблема бойынша «Сергек» жобасы бойынша мемлекеттік әріптеске жүгінген, олардың тарапынан осы уақытқа дейін шаралар қабылданбаған.

Жоғарыда аталған жағымсыз мән-жайлар, мәселелердің реттелмеуі, МЖӘ жобаларын іске асыру барысында мемлекеттік серіктестердің міндеттемелерді орындамауы тұтастай алғанда жобалардың елорда кәсіпкерлері үшін тартымдылығына теріс әсер ететінін атап өту қажет.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, елорданы экономикалық дамыту, жергілікті бюджетке түсетін салмақты азайту мақсатында мемлекеттік әріптестер жауапкершілік пен жұмыс тиімділігін арттырып, тиісті жобаларды жүзеге асыру кезінде өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуі қажет. Сондай-ақ жобаларды іске асыруды бақылауды және оның ішінде мәселелер мен проблемаларды реттеу, ай сайынғы, тоқсан сайынғы бірлескен кездесулер, жоспарлы, көшпелі отырыстар өткізу жолымен сапаны күшейту қажет.

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 509/68-VI «Жергілікті атқарушы органның жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру барысы туралы есебі» шешімінің орындалу барысы туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде салынып жатқан 4 (төрт) жалпы білім беретін мектепке инженерлік, кәріз желілерін және сумен жабдықтауды жүргізу жөніндегі жұмыстарды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік серіктестердің МЖӘ жобаларын тиімді іске асыруын бақылауды күшейту;

«Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» жобасы бойынша бір ай мерзімде жобалау-сметалық құжаттаманы, мемлекеттік сараптаманы аяқтау және нақты негіздемелері мен есептері бар қосымша ақпарат ұсыну бойынша жекешелік әріптестікпен жұмыс жүргізу;

міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы және шарттық міндеттемелер шеңберінде «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» жобасы бойынша жекешелік әріптестікпен шарттарды бұзу мәселесін қарау және зерделеу;

Жекешелік әріптестік үшін ауыр жағдай туғызатын мемлекеттік серіктестердің шарттар бойынша міндеттемелерінің орындалмауын ескере отырып, қолданыстағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік алгоритмін өзгерту

бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар енгізу (мәселелерді қалалық мәслихатқа талқылауға енгізу, тәуекелдердің алдын алу, шарттарды дайындау);

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №296 «Астананың мәртебесі туралы» Заңына жергілікті атқарушы органға жергілікті бюджеттен тыс басқару саласында қосымша өкілеттіктер беруді көздейтін норманы енгізуге бастамашылық жасау;

бекітілген Астана қаласының аумағын абаттандыру қағидаларына контейнерлік алаңдарға қойылатын талаптардың жеке бөлімін енгізу және оларды күтін-ұстау мен қызмет көрсету, сондай-ақ рұқсат етілмеген үйінділер бойынша функционалдық міндеттерді бөлу жөніндегі мәселені пысықтау;

рұқсат етілмеген үйінділер аумағын контейнерлік алаңдарды жабдықтауды қоса алғанда, бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз ету мүмкіндігін пысықтау;

елорда бюджетіне түсетін жүктемені азайту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» ММ 4 жалпы білім беретін мектептің құрылысы және пайдалану бойынша МЖӘ шарты бойынша міндеттемелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ:

Гуманитарлық колледж және «Астана халықаралық университеті» ЖШС арасындағы еңбек жанжалын реттеу бойынша шаралар қабылдау;

қазіргі уақытқа және болашаққа педагог кадрлардың қажеттілігіне толық талдау жүргізу;

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ тиісті құзыретті органдармен келісім бойынша «Астана халықаралық университеті» ЖШС жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша төлем мөлшерін ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

жеке меншік балабақшалардың балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру, тамақ өнімдерін сақтау және т. б. бөлігінде қызметін жүзеге асыру бойынша бақылауды күшейту, мониторинг жүргізу ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

«Нұр-Сұлтан қаласы, Нәжімеденов көшесі, 16 мекенжайы бойынша орналасқан амбулаториялық-емханалық көмек (отбасылық-дәрігерлік амбулатория) қызметтерін көрсететін Отбасылық денсаулық орталығын құру және пайдалану» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы және жекешелік әріптестікпен шартты бұзу бойынша шарттық міндеттемелер шеңберінде мәселені зерделеу».

отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларды, емханаларды, медициналық орталықтарды ашар алдында оларды аумақтық орналастыру бойынша мұқият талдау жүргізу, бұл ретте оларды елорданың тұрғын үй алаптарында ашу қажеттілігін ескере отырып, олардың бір-бірінен жақын орналасуының және халықтың бекітілуінің жол берілетін радиусын ескеру ұсынылсын.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ:

Нұр-Сұлтан қаласының Бюджет комиссиясына құрамында сынабы бар шамдарды қайта өңдеуге, сондай-ақ құрамында сынабы бар шамдарға арналған контейнерлерге қызмет көрсетуге қосымша ақшадан қаражат бөлу қажеттілігіне қатысты тиісті ұсыныстар енгізу;

жекешелік серіктестікпен бірлесіп, конструкциялардың жан-жақтылығын, ұзақ мерзімділігін және қауіпсіздігін, сондай-ақ құнының қолжетімділігін ескере отырып, қоқыс контейнерлері дизайнының бірыңғайлығы жөніндегі мәселені зерделеу.

құзыретті мемлекеттік органдарға қауіпті қапдықтарды кәдеге жаратуға қатысты нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша «НТП Kazecotech» ЖШС-нің ұсыныстарын заңнамада белгіленген тәртіппен қарау және енгізу ұсынылсын.

7. «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ:

қолданыстағы заңнама шеңберінде «Астана қаласы білім басқармасының Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын сенімгерлік басқаруға беру» жобасы бойынша жекешелік серіктестікке жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша төлем мөлшерін ұлғайту мәселесін қарау;

сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының Бюджет комиссиясына құрамында сынабы бар шамдарды қайта өңдеуге, сондай-ақ құрамында сынабы бар шамдарға арналған контейнерлерге қызмет көрсетуге қосымша ақшадай қаражатын бөлу қажеттілігіне қатысты мәселені қарастыру және ұсыныстар енгізу.

8. «Нұр-Сұлтан қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

бейнекамералардың түнгі уақытта және күндізгі уақытта жұмыс істеуі және тіркеуі үшін кедергілерді, оның ішінде табиғи сипаттағы (ағаш бұтақтары) кедергілерді жою жұмыстарын қамтамасыз ету;

жүйелі түрде пайда болған рұқсат етілмеген үйінділер орындарына бейнекамералар орнату.

9. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ тиісті мемлекеттік органдармен (мемлекеттік әріптестермен) бірлесіп:

Нұр-Сұлтан қаласында іске асырылып жатқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары туралы елорда тұрғындарымен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

барлық қалдықтарды, оның ішінде құрамында сынабы бар қауіпті қалдықтарды бөлек жинау бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.

10. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік әріптестерге:

жеке әріптестерді таңдау жөніндегі конкурстарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде банктік кепілдіктерді, есеп айырысу банктік шоттарында ақшадай қаражаттың болуын ескеру;

шарттарды жасау кезінде, міндеттемелерді орындау мақсатында инженерлік және басқа желілерді жүргізу бойынша, сондай-ақ жер учаскелерін уақтылы алу бойынша материалдық ресурстарды ескеру;

осы жобаларды іске асыру тетігін дамыту бойынша сапалы және тиімді жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну.


түйткілді мәселелерді шешу бойынша жекеше әріптестікті шақыра отырып кеңестер, оның ішінде көшпелі отырыстар өткізу.

11. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдар бір ай мерзімде қалалық мәслихатқа осы шешімді орындау жөнінде қабылданған шаралар бойынша ақпарат ұсынсын.

12. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңына өзгерістер енгізу жөнінде хат дайындасын.

13. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы**



Н. Көпешов

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
хатшысы**



Е. Каналимов